

**«С.Нұржанов және С.Нұржанов солтүстік-батыс қанаты кен орындарында
ұңғымаларды қазуға арналған техникалық жобаларына» арналған
«Қоршаған ортаны қорғау бөлімдері» бойынша ашық жиналыс арқылы өткізілетін
қоғамдық тыңдау хаттамасы**

1. Аумағында қызмет жүзеге асырылатын немесе аумағына ықпал етілетін әкімшілік-аумақтық бірліктің (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық және аудандық маңызы бар қалалардың) немесе тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің (ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің) әкімі аппаратының жергілікті атқарушы органының атауы:

Атырау облысы, Жылыой ауданы, Қосшағыл ауылы, «Қосшағыл» мәдениет үйі

2. Қоғамдық тыңдаулардың тақырыбы:

**«С.Нұржанов және С.Нұржанов солтүстік-батыс қанаты кен орындарында
ұңғымаларды қазуға арналған техникалық жобаларына» арналған «Қоршаған
ортаны қорғау бөлімдері»**

(қаралатын жобалау құжаттардың толық, нақты атауы)

3. Қоғамдық тыңдауларға шығарылатын құжаттар жіберілген қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның және облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органының (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық және аудандық маңызы бар қалалардың) немесе тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің (ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің) әкімі аппаратының атауы.

**«Атырау облысы Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы»
мемлекеттік басқармасы**

4. Көзделіп отырған қызметтің орналасатын жері

№	Өнеркәсіптік алаңның атауы	Облыс	Аудан, елді мекен	Координаты, градус, секунд		Алып отырған аумағы, гектар
1	2	3	4	5	6	7
1.	С.Нұржанов және С.Нұржанов солтүстік-батыс қанаты кен орындары	Атырау	Қосшағыл ауылы	45° 52' 02 C	53° 10' 40' B	60,84
				45° 52' 57 C	53° 11' 28' B	
				45° 53' 06 C	53° 15' 51' B	
				45° 53' 20 C	53° 17' 01' B	
				45° 53' 31 C	53° 18' 02' B	
				45° 53' 39 C	53° 19' 44' B	
				45° 54' 40 C	53° 21' 02' B	
				45° 54' 21 C	53° 21' 47' B	
				45° 53' 11 C	53° 22' 12' B	
				45° 52' 18 C	53° 22' 21' B	
				45° 50' 50 C	53° 22' 21' B	
				45° 50' 36 C	53° 21' 37' B	
				45° 50' 35 C	53° 20' 20' B	
				45° 51' 29 C	53° 16' 15' B	
				45° 51' 33 C	53° 14' 25' B	
				45° 51' 24 C	53° 12' 00' B	

5. Көзделіп отырған қызметтің ықтимал әсеріне қатысы бар барлық әкімшілік-аумақтық бірліктердің атауы: **Атырау облысы, Жылыой ауданы, Қосшағыл ауылы**

(белгіленге көзделіп отырған қызметті жүзеге асыру нәтижесінде аумағына әсер етуі мүмкін және аумағында қоғамдық тыңдаулар өткізілетін әкімшілік-аумақтық бірліктердің тізбесі)

6. Бастамашының деректемелері және байланыс деректері:

(«Ембімұнайгаз» АҚ), Атырау облысы, Атырау қаласы, Уалиханов көшесі, 1 БСН 120240021112, тел. +7(7122) 99 31 13, 99 31 35 E-mail: info@emg.kmger.kz

(оның ішінде нақты атауы, заңды және нақты мекенжайы, БСН, ЖСН, телефондары, факстары, электрондық пошталары, сайттары)

7. Ықтимал әсерлер туралы есептерді әзірлеушілердің немесе стратегиялық экологиялық бағалау жөніндегі есептерді дайындау бойынша сырттан тартылған сарапшылардың немесе мемлекеттік экологиялық сараптама объектілерінің құжаттамасын әзірлеушілердің деректемелері мен байланыс деректері.

«ҚМГ Инжиниринг» ЖШС-і Атырау филиалы, Атырау облысы, Атырау қаласы, Нұрсая ықшамауданы, Елорда даңғылы, 10 құрылысы, БСН 180541015056, тел. 8 (7122) 305-412, факс: 8 (7122) 305-413, E-mail: atyrau@kmge.kz

(оның ішінде нақты атауы, заңды және нақты мекенжайы, БСН, ЖСН, телефондары, факстары, электрондық пошталары, сайттары)

8. Қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күн, уақыт, орын (қоғамдық тыңдаулардың ашық жиналысы өткізілетін күн (күндер) және уақыт):

Қатысушыларды тіркеудің басталу уақыты: 09:30 сағ. 07.09.2026ж

Қоғамдық тыңдаудың басталу уақыты: 10:00 сағ. 07.09.2026ж

Қоғамдық тыңдаудың аяқталу уақыты: 11:00 сағ. 07.09.2026ж

Қоғамдық тыңдау өтетін орын: Атырау облысы, Жылыой ауданы, Қосшағыл ауылы, «Қосшағыл» мәдениет үйі».

(қатысушыларды тіркеу басталатын күн, уақыт, қоғамдық тыңдаулардың басталатын уақыты, тыңдаулар өткізілетін орынның толық және нақты мекенжайы. Қоғамдық тыңдаулар ұзартылатын жағдайда барлық күндер көрсетіледі)

Қоғамдық тыңдаулар офлайн және онлайн режимінде өткізілді.

сілтеме: <https://zoom.us/j/7555913367?pwd=INdu1i0zz5abDkFIVJtYSQ2pwNo5N.1&omn=97645534840>

Конференцияның Идентификаторы: **755 591 3367**, Қолжетімділік коды: **593597**.

9. Бастамашы жіберген сұрату хатының көшірмесі және қоғамдық тыңдауларды өткізу шарттарын келісу туралы әкімшілік-аумақтық бірліктердің жергілікті атқарушы органдары ұсынған жауап хаттың көшірмесі осы қоғамдық тыңдаулар хаттамасына қоса беріледі. **2,3-қосымшада қоса беріледі.**

10. Қоғамдық тыңдауларға қатысушыларды тіркеу парағы осы қоғамдық тыңдаулар хаттамасына қоса беріледі. **4-қосымшада қоса беріледі.**

11. Қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы ақпарат қазақ және орыс тілдерінде келесі жолдармен таратылды:

1) Ақпараттық жүйеде:

<https://hearings.ndbecology.gov.kz/Public/PubHearings/ShowDetails/34832>

2) жергілікті атқарушы органның (облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың) ресми интернет-ресурсында немесе әзірлеуші мемлекеттік органның ресми интернет-ресурсында

Атырау облысы Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының интернет-ресурсында 05.08.2026 ж

<https://www.gov.kz/memleket/entities/atyrau-tabigat/press/news/details/1269382?lang=ru>

(ресми интернет-ресурстардың атауы, сілтемелер және жарияланған күні)

3) қоғамдық тыңдаулар басталған күнге дейін жиырма жұмыс күнінен кешіктірмей, бұқаралық ақпарат құралдарында, оның ішінде кемінде бір газетте және қатысы бар аумақтың шегінде толық немесе ішінара орналасқан тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктердің (облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың) аумағында таратылатын кемінде бір теле-немесе радиоарна арқылы бұқаралық ақпарат құралдарында:

04.08.2026ж. №62 (3497) «Тендер КЗ» газеті (екі тілде), 3-қосымшада қоса беріледі.

(газеттегі хабарландырудың атауын, нөмірін және жарияланған күнін көрсету, сондай-ақ газеттің сканерленген титулдық беті мен қоғамдық тыңдаулар өткізілетіндігі туралы хабарландыру берілген бетті қамтитын, сканерленген хабарландыруды қоса ұсыну)

03.08.2026ж. №308 «Caspian News» телеарнасында жарияланғандығы жөнінде эфирлік анықтама, 4-қосымшада қоса беріледі.

(теле немесе радиоарнаның атауын, хабарландыру жарияланған күнді көрсету, теле немесе радиоарнада жарияланған қоғамдық тыңдаулар өткізілетіндігі туралы хабарландырудың бейне және аудиожазбасы бар электрондық жеткізгіш қоғамдық тыңдаулардың хаттамасына қоса тіркелуі (жариялануы) тиіс)

4) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктердің (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық және аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің) аумағында мүдделі жұртшылық үшін қолжетімді орындарда, **Атырау облысы, Жылыой ауданы, Қосшағыл ауылдық округі әкімінің аппараты 1 дана, Қосшағыл ауылы, «Қосшағыл» мәдениет үйі мекенжайы бойынша 1 дана. Осы қоғамдық тыңдау хаттамасына фотоматериалдар 7-қосымшада қоса берілді**

(мекенжайы бойынша 1 дана хабарландыру. Осы қоғамдық тыңдау хаттамасына фотоматериалдар қоса беріледі.)

12. Қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың шешімдері:

"ҚМГ Инжиниринг" ЖШС Атырау филиалының өкілі Молдағалиева М.А. қоғамдық тыңдаудың хатшысы ретінде сайлау бірауыздан шешім қабылдады, барлық қатысушылар саны – 47 адам, "Қарсы емес" – 47 адам, "Қарсы" - 0 адам, "Қалыс қалғандар" - 0 адам дауыс берді

(хатшыны таңдау туралы. Қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың санын көрсету: "қарсы емес", "қарсы", "қалыс қалды")

Бірауыздан қабылданған шешіммен регламент бекітілді: барлық қатысушылар саны – 47 адам, "Қарсы емес" – 47 адам, "Қарсы" - 0 адам, "Қалыс қалғандар" - 0 адам дауыс берді.

(регламентті бекіту туралы. Қоғамдық қатысушылардың санын көрсету: "қарсы емес", "қарсы", "қалыс қалды")

13 Барлық тыңдалған баяндамалар туралы мәліметтер:

"ҚМГ Инжиниринг" ЖШС Атырау филиалының өкілі – Асланқызы Г.

(баяндамашының тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), лауазымы, өкілі болып отырған ұйымның атауы)

«С.Нұржанов және С.Нұржанов солтүстік-батыс қанаты кен орындарында ұңғымаларды қазуға арналған техникалық жобаларына» арналған «Қоршаған ортаны қорғау бөлімдері» бойынша баяндама - 9 қосымшада ұсынылған.

(баяндаманың тақырыбы, беттердің, слайдтардың, файлдардың, плакаттардың, сызбалардың саны)

Қоғамдық тыңдауларға шығарылып отырған құжаттар бойынша баяндамалардың мәтіні осы қоғамдық тыңдаулар хаттамасына қоса беріледі.

14. Мүдделі мемлекеттік органдар мен жұртшылықтың осы Қағидаларының 18-тармағына сәйкес жазбаша нысанда ұсынылған немесе қоғамдық тыңдауларды өткізу барысында айтылған барлық ескертулер мен ұсыныстарын, әрбір ескерту және ұсыныс бойынша бастамашының жауаптары мен түсініктемелерін қамтитын жиынтық кесте. Қоғамдық тыңдаулардың тақырыбына мүлде қатысы жоқ ескертулер мен ұсыныстар кестеге "қоғамдық тыңдаулардың тақырыбына қатысы жоқ" деген белгімен енгізіледі.

1-қосымшада қоса берілді

15. Қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың жоба және қаралатындардың сапасы туралы пікірі (негіздемесімен), құжаттардың, тыңдалған баяндамалардың толықтығы және оларды түсінудің қолжетімділігі тұрғысынан, оларды жақсарту бойынша ұсынымдар:

Баяндама бойынша ескертулер болған жоқ.

(тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), лауазымы, өкілдігінің атауы ұйымдар, пікірлер мен ұсыныстар)

16. Қоғамдық тыңдаулар хаттамасына шағымдану Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексіне сәйкес сот және сотқа дейінгі тәртіппен мүмкін болады.

17. Қоғамдық тыңдаулардың төрағасы:

Сржанов Ис, Қосмалы ауылдық округінің жеті

(тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), лауазымы, өкілі болып табылатын ұйымның атауы, қолы, күні)

Қолы

Күні « 09 » 09 2026ж

18. Қоғамдық тыңдаулардың хатшысы:

Мадағалиева М.А «КМТ Инжиниринг» ЖШС АФ өкілі

(тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), лауазымы, өкілі болып табылатын ұйымның атауы, қолы, күні)

Қолы

Күні « 09 » 09 2026ж

Қоғамдық тыңдаулар өткізілгенге дейін және өткізу кезінде келіп түскен ескертулер мен ұсыныстардың жиынтық кестесі

p/c №	Қатысушылардың ескертулері мен ұсыныстары (қатысушының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), лауазымы, өкілі болып отырған ұйымның атауы)	Ескертулер мен ұсыныстарға жауаптар (жауап берушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) және/немесе лауазымы, өкілі болып отырған ұйымның атауы)	Ескерту (алынып тасталған/алынбаған ескерту немесе ұсыныс, "қоғамдық тыңдау тақырыбына қатысы жоқ")
1	Утегенов Б.: Зейнеткер. Ұңғымаларды Қазмұнайгазбурение мекемесі бұрғылайды ма?	Қурманкулов А.А.- «Ембімұнайгаз» АҚ «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ бастығының геология және кен орындарын игеру жөніндегі орынбасары: Бұрғылау жұмыстарымен Қазмұнайгазбурение мекемесі айналасады. Тауашев Р.З. - «Ембімұнайгаз» АҚ өкілі: Негізгі жұмыстарды Қазмұнайгазбурение атқарады. Бұл технологиясы қиын көлбеу бақытталған НСВ-14 ұңғымасы. Ал екінші №367 ұңғыма ол бұрынғы ескі ұңғыма болып табылады, оған көлденең окпанды кесу жұмыстары жасалады.	Сұраққа жауап берілді.
2	Утегенов Б.: Зейнеткер. Буровой шлам қайда кетеді? Қосшағылға ауылына ма немесе басқа жерге ма?	Имангалиева Г.Б. - «Ембімұнайгаз» АҚ өкілі: Қазіргі жасап жүрген бұрғылау компаниялары Маңғыстау облысында орналасқан Ecsad компаниясымен келісім шарт жасады. Барлық қалдықтар Бейнеуге тасымалданады және сол жерде өңделіп жатыр. Олардың лицензиясы бар.	Сұраққа жауап берілді.
3	Еркінөв Ж.Б. Қосшағыл ауылдық округының әкімі Ecsad мекемесі алдында келгенде Жылыойда ешқандай договорымыз жоқ деп еді. Сізде Каспий Самалы деген вахтовый поселок бар еді сол жақта, буровой шлам тасыған көліктер Қосшағыл маңынан өте ме?	Имангалиева Г.Б. - «Ембімұнайгаз» АҚ өкілі: Сіз басқа мекемемен шатасып кеткен шығарсыз. Ecsad мекемесінің жаңа полигоны жұмысын бастаған жоқ. Біздің НГДУ Жылыоймұнайгаз договор бойынша Ecsad мекемесімен жұмыс істейміз. Қалдықтар қабылдайтын полигон ескі Сарқамыстан 15 км шақырымда орналасқан. Көліктер Қосшағыл маңынан өтпейді.	Сұраққа жауап берілді.
4	Шанен Г., Қосшағыл ауыл белсендісі: Осы жұмысқа 60 адам қатысады деп отырсыздар жұмыстың барысында. Жұмысқа адам аласындар ма немесе тек өз адамдарыңызды аласыздар ма?	Тауашев Р.З. - «Ембімұнайгаз» АҚ өкілі: Біз екі ұңғыманы қазған кезде медігер мекемемен келісім шарт бойынша жұмыс істейміз.	Сұраққа жауап берілді.

5	Шанен Г., Қосшағыл ауыл белсендісі: Сіздерге осы жұмыссыздық жөнінде медігер компаниясымен келісіп Қосшағыл тұрғындарын уақытша болсада адамдарды жұмысқа алмайсыздар ма?	Қурманкулов А.А.- «Ембімұнайгаз» АҚ «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ бастығының геология және кен орындарын игеру жөніндегі орынбасары: Бізде қазіргі жоспарда екі жұмыс біреуі 70,47 күн, екіншісі 172,3 күн деп жоспарланып отыр. Тендер бойынша медігер мекеме Қазмұнайгазбурение болып бекітілді. Қазіргі таңда ол мекемеде көптелген жұмысшылары бар. Олардында жұмысшылары 12 бригада болсада жұмыспен қамтылмаған. Себебі олар өз жұмысшыларына жұмыс тауып беру тиісті, сондықтан біз оларға талап қоя алмаймыз. Неге десеңіз бұрығылау жұмыстары жылдан жылға азайып жатыр. Ал болашақта жұмыс көбейіп жатса біз жақтан ұсыныстар болады. Біздің жергілікті тұрғындардан жұмысқа алыңыз деген ұсыныстар болады.	Сұраққа жауап берілді.
6	Еркінов Ж.Б. Қосшағыл ауылдық округының әкімі: Сіз айтып жатырсыз, болашақта жұмыс көлемі ұлғайып жатырса деп, соны түсіндіріп жібересізбе?	Қурманкулов А.А.- «Ембімұнайгаз» АҚ «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ бастығының геология және кен орындарын игеру жөніндегі орынбасары: Қазіргі таңда менің әріптесім айтып кеткендей ЗГБС жұмыстарын көлемін арттыруға тырысып жатырмыз. Егер біздің ұңғымалар өз жұмыстарын ақтап жатырса біз жұмыс көлемдерін көбейтеміз.	Сұраққа жауап берілді.
7	Еркінов Ж.Б. Қосшағыл ауылдық округының әкімі Түсінгенім бойынша болашақта қайтадан жаңа проектілерге подрядчиктермен жұмыс істейсіздер сонда осы жердің тұрғындарын жұмысқа алмайсыздар ма? Жекеменшік мекемелердің сіздерге қандай қатысы бар?	Тауашев Р.З. - «Ембімұнайгаз» АҚ өкілі: Біз жекеменшік мекемелерге жұмысқа жергілікті тұрғындарды жұмысқа алсын деп талап қоя алмаймыз. Тек ұсыныс ретінде адам саны жетпей жатса осы жергілікті тұрғындардан бірінші орында солардан алуларын сұрай аламыз.	Сұраққа жауап берілді.
8	Унгарбаев Б. зейнеткер: Сіздер неге осы тұрғылықты халықтан жұмысқа алмайсыздар жекеменшік деп айта бермей?	Тауашев Р.З. - «Ембімұнайгаз» АҚ өкілі: Бұрын Қазмұнайгазға қарайтын мекемелер болды қазір жоқ бәрі жекеменшік мекеме болып кеткен. Мысалға транспорттың өзінде жекеменшік мекеме қазір. Сол үшін біз тек ұсыныс бере аламыз.	Сұраққа жауап берілді.
9	Орыспаев Ж. Құлсары қаласы белсендісі: Қосшағыл тұрғындарының ең болмаса 20% пайызын жұмысқа алу керек. Тал егу керексіздер соны қарастырыңыздар.	Тауашев Р.З. - «Ембімұнайгаз» АҚ өкілі: Ия сіздің айтып отырғаныңыз дұрыс және біз бәрін қарастырамыз. Үлкен жобалар болған жағдайда біз жұмысқа алуды ұсыныстар ретінде айтып қарастырамыз.	Қабылданды.

10	<i>Саркулова Ф. - Белсенді.</i> 1) Қоршаған ортаны қорғау жоспарларыңызға сәйкес, №367 ұңғыма бойынша жұмыстар 2026 жылдың желтоқсан айына, ал НСВ-14 ұңғымасы 2026 жылдың қарашасы мен желтоқсанына жоспарланған. Бұл жұмысты бір уақытта жүргізуге болады деген сөз. Менің сұрағым бар: екі бұрғылау жұмыстарының да кен орнының бар көздеріне, яғни шығарындыларға, шуға, көлікке және қалдықтарға жалпы әсерінің есебі жүргізілді ме? Иә болса, жоспарлар мен құжаттарда қай жерде қарастырылғанын көрсетіңіз. Өйткені 367 ұңғыма бойынша 2026 жылдың желтоқсан айына 50,81 т/ж, ал НСВ-14 үшін – 163,48 т/ж мәлімдегенсіз; жұмыс 2026 жылдың қарашасы мен желтоқсанында басталады. Және 2027 жылы жалғасады, яғни бұл кезеңдер шын мәнінде желтоқсанда бір-біріне сәйкес келеді, яғни олар бір уақытта жұмыс істейді.	<i>Исмаганбетова Г.Х. – «КМГИнжиниринг» ЖШС Экология басқармасының бастығы</i> 1) Кестеге сәйкес, №367 бұрғылау ұңғымасы мен НСВ-14 бұрғылау ұңғымасы бойынша жұмыстың белгілі бір кезеңдері шынымен де қабаттасып кетуі мүмкін. Дегенмен, бұл учаскелер бір-бірінен айтарлықтай қашықтықта орналасқан және географиялық тұрғыдан бөлек жұмыс орындарын білдіреді. Ластаушы заттардың дисперсиясының есептеулері әрбір учаскенің шығарындыларының әсерінің жергілікті сипатқа ие екендігін анықтады: көздердің әсер ету аймақтары бір-біріне сәйкес келмейді, ал белгіленген санитарлық-қорғау аймақтарынан тыс жерде атмосфералық ауаның сапасы бойынша гигиеналық нормативтерден (1 ШЖК) асып кету байқалмайды. Осылайша, жеке жұмыс кезеңдерінің уақытша қабаттасуы өздігінен атмосфераға жинақталған әсерді көрсетпейді. Учаскелер арасындағы айтарлықтай географиялық қашықтықты және олардың әсер ету аймақтары арасындағы қабаттасудың жоқтығын ескере отырып, екі учаске үшін шығарындылардың көлемдерін механикалық қорытындылау қоршаған ортаға нақты әсерді сипаттамайды және практикалық есептеу мәні жоқ. Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, №367 ұңғымасы мен НСВ-14 ұңғымасын бұрғылаудың бірлескен әсерін одан әрі бағалау қажет емес. Әрбір учаскенің әсері тиісті эмиссия көздерін ескере отырып жеке бағаланды және ластаушы заттардың дисперсиясын есептеу нәтижелерімен расталады. <i>Абитова С.Ж. - «Ембімұнайгаз» АҚ-ның Қоршаған ортаны қорғау бөлімінің бастығы</i> Нұржанов кен орны жұмыс істеп тұрғандықтан және бұл екі ұңғыма осы кен орны аумағында бұрғыланатындықтан, әрине, біз тоқсан сайын жүргізетін «Ембімұнайгаз» АҚ жоспарлы мониторингінде бұл бұрғылау жұмыстарының үлесі де ескерілетін болады. Экологиялық мониторингтің төртінші тоқсанында бұл шығарындылар есепке алынады. Бұл кен орнының СҚА 1000 м құрайды және осы кен орнының аумағындағы осы операциялардан ластаушы	Қабылданды.
----	--	--	-------------

		заттардың шығарындыларының үлесі ең аз болып саналады және бұл уақытша және қысқа мерзімді жұмыс екеніне қарамастан, СҚА шекарасында мониторинг жүргізу кезінде де ескерілетін болады.
2) НСВ-14 және 367 ұңғыманың жер асты суларының ластанбағаны бұрғылаудан кейін қалай дәлелденеді? Жұмысты бастамас бұрын бастапқы талдаулар бар ма және осы екі бұрғылау қондырғысы қандай арнайы бақылау ұңғымаларын бақылайды? Бақылау ұңғымаларының нақты саны мен нөмірлерін, олардың НСВ -14 және 367 ұңғымаларынан қашықтығын және бұрғылау алдында заттардың бастапқы концентрациясын көрсетіңіз. Тазалаудан кейін ластанудың жоқтығын растау үшін қандай бақылау қолданылады?	Исмаганбетова Г.Х. – «КМГИнжиниринг» ЖШС-ның Экология басқармасының бастығы 2) Қарастырылып отырған аумақта пайдаланылған немесе шаруашылық-тұрмыстық сумен қамтамасыз ету үшін ықтимал жарамды сулы горизонттар жоқ. Ұңғымаларды бұрғылау кезінде енетін өткізгіш аралықтарды және потенциалды сулы горизонттарды қаптама тізбегінің жүргізіп, содан кейін сақинаны цементтеу арқылы оқшаулайды. Алынған цемент сақинасы сенімді аймақтық оқшаулауды қамтамасыз етеді және бұрғылау және қабат сұйықтарының сақина арқылы өтуіне жол бермейді. Осылайша, қарастырылып отырған аумақтың гидрогеологиялық жағдайларын, сулы горизонттардың жоқтығын, сондай-ақ ұңғыманы цементтеудің қарастырылған жобасы мен технологиясын ескере отырып, бұрғылау жұмыстарының жер асты суларына кері әсері күтілмейді. Болжамды әсердің болмауына байланысты тікелей бұрғылау кезеңінде бақылау (бақылау) ұңғымаларының санын көбейту негізсіз және талап етілмейді. Блгалиев Р. –«КМГИнжиниринг» Бұрғылау және ұңғымаларды жөндеу жобаларының басшысы Ол ұңғымаларды бұрғылау кезде ЗБС 367-де бұрын қазылып тұрған скважинадан көлденең қазған кезде су қабаттары кездеспейді, болған жағдайда да жоғарғы бағыттаушы колбалармен бекітіліп кеткен болатын кезінде қазылған скважинада. НСВ-14 жаңадан бұрғыланатын ұңғыма, ол бұрғыланып болғаннан кейін бұрғылау ерітіндісімен цементтеліп бекітіледі, сондықтан оларға бұрғылау ерітіндісінің де басқа бұрғылау кезіндегі шығарылатын шығындардың да ешқандай су қабаттарына қатысы болмайды, еш байланыспайды.	
3) Сіздің баяндамаңызда 3-5 км радиуста жұмыс істеуге байланысты дала қырандарының	3) Исмаганбетова Г.Х. – «КМГИнжиниринг» ЖШС-ның Экология басқармасының бастығы Жоспарланған іс-шаралардың	

саны азайып, шалғай аймақтарға қоныс аударады, басқа да жануарлар қоныс аударады деп көрсетілген. Дегенмен, бұл жоба сирек кездесетін түрлердің мекендеу орындарына әсер етпейді деген қорытындыға келеді. Бұл тұжырымды қандай нақты зерттеулерге негіздеп отырсыз? Ұя салу және көші-қон кезеңдерінде зерттеу НСВ-14 және 367 ұңғыманың тікелей жанында жүргізілгенін анықтаңыз. Олардың мекендейтін жерлерінің, ұя салатын жерлерінің және көшу жолдарының картасы бар ма? Маған НСВ-14 және 367 ұңғысынан сирек кездесетін түрлердің анықталған мекендеу орындарына дейінгі нақты қашықтық қажет және далалық зерттеулердің нәтижелерін көрсетуіңізді сұраймын. 4) Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспарында НСВ -14 бар, бірақ тақырыпта басқа нысан, НСВ -12D ұңғымасы көрсетілген. Сонымен қатар, құжатта әлі де 2024-2025 жж. Осы экологиялық іс-шара	өсімдіктер мен жануарлар дүниесіне әсерін бағалау жоспарланған бұрғылау жұмыстарының сипатын, ауқымын және ұзақтығын, сондай-ақ қарастырылып отырған аумақтағы қоршаған орта компоненттерінің қалыптасқан жағдайын ескере отырып жүргізілді. Ұңғымаларды бұрғылау жергілікті жерде, белгіленген өндірістік аумақтарда жүргізіледі. Ластаушы заттардың дисперсиясының есептеулеріне сәйкес, санитарлық-қорғау аймағының шекарасында (1000 м) немесе одан тыс жерлерде күтілетін белгіленген гигиеналық нормативтерден (1 ШЖК) асып кетпей, атмосфераға әсер ету жергілікті аумақпен шектеледі. Сондықтан жұмыс алаңдарынан 2-3 км қашықтықтағы флора мен фаунаға ластаушы заттар шығарындыларының елеулі жанама әсері күтілмейді. Өсімдікке тікелей әсер ету жұмыстары жүргізіліп жатқан аумақпен және оған бөлінген жермен шектеледі. Жануарлар әлеміне әсер ету, ең алдымен, бұрғылау жұмыстары кезіндегі уақытша бұзылулармен (шу, көлік қозғалысы және қызметкерлердің болуы) байланысты және жергілікті және уақытша болып табылады. Қоршаған орта мониторингі бекітілген өндірістік экологиялық мониторинг бағдарламасына сәйкес өндірістік экологиялық бақылау шеңберінде жүзеге асырылады. Бағдарламада қарастырылған сынамаларды алу, аспаптық өлшеулер және зертханалық сынақтар аккредиттелген зертхана арқылы жүзеге асырылады. Осылайша, бұрғылау жұмыстарының жергілікті және уақытша сипатын, қоршаған ортаны қорғау бойынша көзделген шараларды және әсерді бағалау нәтижелерін ескере отырып, жоспарланған қызметтің өсімдіктер мен жануарлар әлеміне, оның ішінде бұрғылау учаскелерінен 2-3 км қашықтықта елеулі теріс әсері болжанбайды. Орнитологтың қызметі келісім шарт негізінде көрсетіледі. 4) <i>Исмаганбетова Г.Х.</i> – «КМГИнжиниринг» ЖШС-ның <i>Экология басқармасының бастығы</i> Пікіріңіз қабылданды. Ол уәкілетті органдарға құжаттарды тапсыру кезінде ескерілетін болады. Бұл тақырыптағы қате екенін ескеріңіз, өйткені порталда ұсынылған	
--	--	--

	жоспарындағы экологиялық материалдар және қоғамдық тыңдау көрсеткіштер мен шаралар нақты есептері ЗБС 367 және НСВ-14 НСВ -14 үшін арнайы есептелгені бұрғылауға қатысты. және деректер басқа жобадан тасымалданбағаны растаңыз. Құжатта 2026-2027 жылдарға арналған қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспарлары тізімделгендіктен, бұл тақырып НСВ -12D тізімі, НСВ -14 шегінде, баған «2024 жылдың соңы» деп белгіленген, ал 2025 жылдың желтоқсаны қалдықтар мен бірқатар шаралар тізімінде, тіпті НСВ -14 құрылысы кейінірек жоспарланған		
11	Утегенов Б. - Зейнеткер. Қосшағылға қандай көмек етіп жатсыздар? Балалар ойнайтын алаң? Тал екті, ол да қурап жатыр 1 Гектар қашан егіледі? Ауылда бала ойнайтын алаң жоқ. Жұмысқа адам аласыз ба?	Майлыбаев Т.К. - Әлеуметтік қамту жөніндегі бөлім бастығы Жылыоймунайгаз бойынша көгалдандыру мемарандумы бар, Қосшағыл әкімімен ақылдасып егіліп жатыр, былтыр егілген талдарымыз басқа подрядчик болып ауыстырып, реттеліп жатыр. Биыл күзде договорға отырдық, биыл егіледі. Қосшағылдың тұрғындарын жұмысқа алып жатырмыз, жұмыс орны ашылғанда, тест тапсырады.	Сұраққа жауап берілді.
12	Еркінов Ж.Б. Қосшағыл ауылдық округының әкімі 2024-2025жж тыңдауларда Бешім ата саябағы протоколға енді, бірақ жасалған жұмыстары жоқ.	Майлыбаев Т.К. – Әлеуметтік қамту жөніндегі бөлім бастығы Протоколға кіріп, ұсыныс түскеннен кейін қаралады, сметасын қарастырамыз. Абитова С.Ж. - «Ембімунайгаз» АҚ-ның Қоршаған ортаны қорғау бөлімінің бастығы Біз проект бойынша, соның экологиялық сұрақтары, экологиялық бөлімімен қоғамдық тыңдауға шығып отырмыз, осы жасалатын жұмыстың экологиялық шығарындылары бойынша есеп беріп келеміз, барлық сұрақтарды протоколға тіркеп порталға саламыз, әлеуметтік сұрақтар протоколда болады, және әлеуметтік сұрақтардың барлығы Самрук Траст компаниясы арқылы қаралады, ол Ембімунайгазда да қаралмайды, жұмысқа кіру мәселесі де Самрук Қызмет арқылы қаралады, сондықтан біздер сіздерге тек қана экологиялық сұрақтарға нақты жоба бойынша жауап береміз, ал әлеуметтік сұрақтар протоколға енгізіледі. Көгалдандыру жұмысы 5 жылға мемарандум бар, сол бойынша жұмыс жасап жатырмыз, сіздерде техникалық су бар екен, сол суды	Сұраққа жауап берілді.

		пайдаланып Қосшағыл маңайында жасыл желектерді көбейткіміз келеді.	
13	<i>Еркінов Ж.Б. Қосшағыл ауылдық округының әкімі</i> Тұрғындар сіздердің басшыларыңызбен әлеуметтік мәселе бойынша кездескісі келеді, оны кім ұйымдастырады? Уақытша жұмыс болса да тұрғындарды жұмысқа алса, осы сұрақтарға жауап алу үшін аптаның соңына 4-5 күнге ұйымдастырсақ	<i>Нурғалиев С. Басқарма бастығының әлеуметтік мәселелері бойынша орынбасары</i> Алдыңғы қоғамдық тыңдауда осы мәселе көтерілді, бізде Жылыой ауданында мансап орталығында кездесу өткіздік, сондай кездесу өткізейік. Сол кезде сұрақтарыңызды қоясыздар. Әр мамандыққа өзіне қоятын талабы бар, соған сай болуы керек.	Сұраққа жауап берілді.
14	<i>Еркінов Ж.Б. Қосшағыл ауылдық округының әкімі</i> Мен осының алдындағы тыңдауда айтқан болатынмын. Осы жерге мердігер мекемелеріңізді мансап орталығының өкілімен шақырып халықпен кездесу өткізейік деп. Сол шаруа сол күйінде қалды. Енді бүгінгі тыңдауда нақты сол шараның күнін белгілейікші. Осы аптаның бейсенбі немесе жұма күні. Сіздер мердігер мекемелерге хабарлайсыздар, мансап орталығына хабарласып, осы жерге өкілдің келуіне хат жіберейік.	<i>Қурманкулов - «Ембімұнайгаз» АҚ «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ бастығының геология және кен орындарын игеру жөніндегі орынбасары:</i> Құрметті тұрғындар, қазір нақты қай күні өтетінін ішке барып жиналыс жасап айтқан дұрыс болар деп ойлаймын. Себебі, бізде мердігер мекеме көп. Солардың барлығына хабарласып, олардың басшыларының келе алатын уақытын анықтап, сізге хабар берсек. Содан кейін нақты қай күнге кездесуді ұйымдастыруға болатынын шешсек деген ұсыныс айтамын.	Сұраққа жауап берілді.
15	<i>Еркінов Ж.Б. Қосшағыл ауылдық округының әкімі</i> Жаксы сіздерден хабар күтемін, содан кейін сол кездесудің қай күні болатынын белгілейтін боламыз. Бірақ кешіктірмей осы немесе келесі аптаның ішінде ұйымдастыруға жұмыстаныңыздар. Қоғамдық тыңдау аяқталды.	Ұсыныс қабылданды.	Қабылданды.

Форма письма-запроса от инициатора общественных слушаний на проведение общественных слушаний в местные исполнительные органы административно-территориальных единиц (района, города)

исходящий номер: 26272123001, Дата: 21.07.2026

(регистрационные данные письма, исходящий номер, дата)

Информируем Вас о: Осуществление государственной экологической экспертизы

(наименование в соответствии с пунктом 12 настоящих Правил)

Будет осуществляться на следующей территории: Атырауская область, Жылыойский район, Косчагилский с.о., с.Косчагил (Дом культуры)

(территория воздействия, географические координаты участка)

Предоставляем перечень административно-территориальных единиц, на территорию которых может быть оказано воздействие, и на территории которых будут проведены общественные слушания:

Предмет общественных слушаний: Разделы ООС к техничским проектам на строительство связи на месторождениях С.Нуржанов и Северо-западное крыло С.Нуржанов

(тема, название общественных слушаний, предмет общественных слушаний в обязательном случае должен содержать точное наименование, место осуществления, срок намечаемой деятельности и наименование инициатора намечаемой деятельности)

Просим согласовать нижеуказанные условия проведения общественных слушаний: Атырауская область, Жылыойский район, Косчагилский с.о., с.Косчагил, Дом культуры, 07.09.2026 10:00

(место, дата и время начала проведения общественных слушаний)

Место проведения общественных слушаний в населенном (-ых) пункте (-ах) обосновано их ближайшим расположением к территории намечаемой деятельности (20 км).

Объявление о проведении общественных слушаний на казахском и русском языках будет распространено следующими способами:

Тендер КЗ газет; телеканал саырап news

(наименование газеты, теле- и радиоканала, где будет размещено объявление)

адресат поселка Косчагил, Дом культуры

(расположение мест, специально предназначенных для размещения печатных объявлений (доски объявлений))

Просим также подтвердить наличие технической возможности организации видеоконференцсвязи в ходе проведения общественных слушаний.

В соответствии с Экологическим кодексом Республики Казахстан и Правилами проведения общественных слушаний, общественные слушания проводятся под председательством представителя местного исполнительного органа соответствующей административно-территориальной единицы (района, города). Местный исполнительный орган обеспечивает видео- и аудиозапись открытого собрания общественных слушаний. Электронный носитель с видео- и аудиозаписью всего хода открытого собрания общественных слушаний с начала регистрации до закрытия общественных слушаний и подведением итогов слушаний, подлежит приобщению (публикации) к протоколу общественных слушаний.

В соответствии с требованиями законодательства просим обеспечить регистрацию участников общественных слушаний и видео- и аудиозапись общественных слушаний.»

Форма письма-ответа инициатору общественных слушаний от местных исполнительных органов административно-территориальных единиц (района, города) на проведение общественных слушаний

исходящий номер: 26272123001, Дата: 23.07.2026

(регистрационные данные письма, исходящий номер, дата)

«В ответ на Ваше письмо (исх. №26272123001, от 21.07.2026 (дата)) о согласовании предлагаемых Вами условий проведения общественных слушаний, сообщаем следующее:

«Согласовываем проведение общественных слушаний по предмету Разделы ООС к техничским проектам на строительство связи на месторождениях С.Нуржанов и Северо-западное крыло С.Нуржанов, в предлагаемую Вами 07.09.2026 10:00, Атырауская область, Жылыойский район, Косчагилский с.о., с.Косчагил, Дом культуры(адрес, место, время начала проведения общественных слушаний)»

(к причинам несогласования относятся: место проведения не относится к территории административно-территориальных единиц, на которую может быть оказано воздействие в результате осуществления намечаемой деятельности; дата и время проведения выпадает на выходные и/или праздничные дни, нерабочее время. "Поддерживаем, предложенные Вами способы распространения объявления о проведении общественных слушаний", или "Предлагаем дополнить (изменить) следующими способами, для более эффективного информирования общественности").

«Подтверждаем наличие технической возможности организации видеоконференцсвязи в ходе проведения общественных слушаний».

«Перечень заинтересованных государственных органов: 1. 2.»

Адресное обобщество "Эмбамунайгаз" (БИН: 120240021112), +7(712)-299-34-04, a.kalibekova@emg.kmg.kz,

(фамилия, имя и отчество (при наличии), должность, наименование организации представителем которой является, подпись, контактные данные инициатора общественных слушаний).

Қоғамдық тыңдауларға қатысушыларды тіркеу парағы

"С.Нұржанов және С.Нұржанов солтүстік-батыс қанаты кен орындарында ұнғымаларды қазуға арналған техникалық жобаларға" арналған "Қоршаған ортаны қорғау бөлімдері" 07.09.2026ж.					
№	Қатысушылардың аты-жөні	Қатысушылар санаты (мүдделі жұртшылықтың, мемлекеттік органның өкілі, бастамашы)	Байланыс нөмірі	қатысу форматы (жеке немесе конференция арқылы)	Қолы (ашық жиналысқа қатысқан жағдайда)
1	2	3	4	5	6
1	Еркінәв М.Б.	Қосматал аудандық округі әкімі			
2	Байғұтдинов Е.В.	тұртың	87011525608	жеке	
3	Мажек Т.М.	Қосматал	87781118162	жеке	
4	Орехов А.О.		87057064442		
5	Чибелеков Б.	тұртың	87785105676	жеке	
6	Есмағұлов Б.	тұртың		жеке	
7	Умарбаев И.	Құластар	87025271158	жеке	
8	Умарбаев Н.	Құластар	— — —	жеке	
9	Шауашиев Р.В.	САМ АҚ	7707577112	жеке	
10	Сарсеналиев М.Т.	САМ АҚ	77016162299	жеке	
11	Мамырбеков Р.	тұртың	7024544394	жеке	
12	Бисматташев А.	тұртың	87785951746	жеке	
13	Байпапанова І.	тұртың	80281118162	жеке	
14	Мурташев С.	Қосматал	82382084910	жеке	
15	Маймышев Т.	Қосматал	8778508456	жеке	
16	Сармашев Т.	Қосматал	87012583208	жеке	
17	Байғұтдинов Е.В.	Қосматал	7609181046	жеке	
18	Азасов А.	Қосматал	87783418162	жеке	
19	Мурташев Р.	Қосматал	8778508456	жеке	
20	Серикбаева С.	Қосматал	87781720027	жеке	
21	Қарамурзаев Т.	Қосматал	87760905262	жеке	
22	Мурманов Р.	Қосматал	87787024034	жеке	
23	Маматашев Т.	Қосматал	87016071125	жеке	
24	Қурманжолықов А.Т.	Қосматал	87710780677	жеке	

"С.Нұржанов және С.Нұржанов солтүстік-батыс қанаты кен орындарында ұңғымаларды қазуға арналған техникалық жобаларға" арналған "Қоршаған ортаны қорғау бөлімдері" 07.09.2026ж.					
№	Қатысушылардың аты-жөні	Қатысушылар санаты (мүдделі жұртшылықтың, мемлекеттік органның өкілі, бастамашы)	Байланыс нөмірі	қатысу форматы (жеке немесе конференция арқылы)	Қолы (ашық жиналысқа қатысқан жағдайда)
25	Исмаханова	муралы	870182822		Исмаханова
26	Дубашинов	муралы	870262239		Дубашинов
27	Байбургандіе	муралы	8701522878		Байбургандіе
28	Баймурза А	муралы	87016897994		Баймурза А
29	Жолашқы	муралы	87751356146		Жолашқы
30	Аманай	муралы	8775590979		Аманай
31	Дайышев	муралы	8775136846		Дайышев
32	Бағалиев Р.Н.	КМГи	87786486464	жеке	Бағалиев Р.Н.
33	Асанжол Т.	КМГи		жеке	
34	Молдағалиева М.	КМГи	87028028085	жеке	Молдағалиева М.
35	Молдабаев С.С.	КМГи		жеке	
36	Сынтакова А.	КМГи		онлайн	
37	Доссанов А.			онлайн	
38	Дикара Ушенова	ЭМР		онлайн	
39	Абитова С.К.	ЭМР		онлайн	
40	Исмаганбетова Г.	КМГи		онлайн	
41	Мурин А.	КМГи		онлайн	
42	ДЭ по Атырауской области			онлайн	
43	Упр Атырауской области			онлайн	
44	Саркызова Г.			онлайн	
45	Кобзарова М.	КМГи		онлайн	
46	Абдул М.	КМГи		онлайн	
47	Кенжетайев А.М.	КМГи		жеке	Кенжетайев А.М.

Хабарландыру

"Ембімұнайгаз" АҚ-ы 07.09.2026 сағат 10:00 де Атырау облысы, Жылыой ауданы, Қосшағыл ауылы, "Қосшағыл" мәдениет үйі мекенжайында "С.Нұржанов және С.Нұржанов солтүстік-батыс қанаты кен орындарында ұңғымаларды қазуға арналған техникалық жобаларға" арналған "Қоршаған ортаны қорғау бөлімдері" бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізілетінін хабарлайды.

ZOOM платформасында онлайн режимінде қосылу сілтемесі: <https://zoom.us/j/7555913367?pwd=INduli0zz5abDkFIVJitYSQ2pwNo5N.1&omn=97645534840>
Конференц-сиды Идентификаторы: 755 591 3367, Қолжетімділік коды: 593597.

Тапсырыс беруші - "Ембімұнайгаз" АҚ, 060002, Атырау қ., Уалиханов көшесі 1-ші үй, БСН 120240021112, тел: 8 (7122) 2993404.

Жобаны әзірлеуші - "ҚМГ Инженеринг" ЖШС Атырау филиалы, 060097, Атырау қ., Нұрсая ақшама ауданы, Елорда даңғылы, 10., БСН 180541015056.

Құжаттамалар <https://ndbecology.gov.kz/УДБ> сайтында орналастырылған. Қоғамдық тыңдауда қарастырылатын құжаттар бойынша ескертулер мен ұсыныстар жазбаша және электронды түрде мына мекенжайлар бойынша қабылданады: "Атырау облысының табиғи ресурстар және реттеу басқармасы" ММ, пошталық мекен жайы: 060010, Атырау қаласы, Айтеке би көшесі 77, тел: 8 (7122) 325509, электрондық мекенжай atr.priroda@atyrau.gov.kz, <https://www.gov.kz/memleket/entities/atyrau-tabigat?lang=ru>, <https://ndbecology.gov.kz/>. Құжаттар бойынша қосымша ақпаратты мына мекенжай бойынша алуға болады: tabir@kmg.kz, тел: 87016017687.

Қаралатын ұңғымалардың географиялық орналасу координаттары: 1) солтүстік өндік 45.52'39,7699", шығыс бойлық 53.14'48,3137". 2) солтүстік өндік 45.53'19,4776", шығыс бойлық 53.14'35,1861".

Әсер ету аумағы: Атырау облысы, Жылыой ауданы, Қосшағыл ауылы.

Объявление

АО "Эмбаунайгаз" сообщает, что 07.09.2026 г. в 10:00 ч. по адресу: Атырауская область, Жылыойский район село Косчагид в Доме культуры "Қосшағыл" проводятся общественные слушания по Разделам охраны окружающей среды к техническим проектам на строительство скважин на месторождениях С.Нуржанов и Северо-западное крыло С.Нуржанов.

Подключение в режиме онлайн на платформе ZOOM возможно по ссылке: <https://zoom.us/j/7555913367?pwd=INduli0zz5abDkFIVJitYSQ2pwNo5N.1&omn=97645534840>

Идентификатор конференции: 755 591 3367, Код доступа: 593597.

Инициатор - АО "Эмбаунайгаз", 060002, г.Атырау, ул. Валиханова, д.1., БИН 120240021112, тел: 8 (7122) 2993404.

Разработчик проекта - АФ ТОО "КМГ Инженеринг", 060097, г.Атырау, мкр Нурсая, пр. Елорда, 10., БИН 180541015056.

Документация по заявочному пакету размещена на сайте НДБ <https://ndbecology.gov.kz/>.

Замечания и предложения принимаются в письменной или электронной форме по документам, выносимым на общественные слушания по адресу: ГУ "Управление природных ресурсов и регулирования Атырауской области", почтовый адрес: 060010, г.Атырау, ул. Айтеке би, 77, тел: 8 (7122) 325509, электронный адрес: atr.priroda@atyrau.gov.kz, <https://www.gov.kz/memleket/entities/atyrau-tabigat?lang=ru>, <https://ndbecology.gov.kz/>.

Дополнительную информацию по проектам можно получить по адресу: tabir@kmg.kz, тел: 87016017687.

Географические координаты скважин: 1) северная широта 45.52'39,7699", восточная долгота 53.14'48,3137". 2) северная широта 45.53'19,4776", восточная долгота 53.14'35,1861".

Территория воздействия: Атырауская область, Жылыойский район, село Косчагид.

МЕДИЦИНСКИЙ ЦЕНТР
Belon
medical

ПРИЕМ СПЕЦИАЛИСТОВ:

Стоматолог
ЛОР (детский, взрослый с выездом)
Гинеколог высшей категории
Маммолог высшей категории
Дерматовенеролог высшей категории
Гастроэнтеролог

Эндокринолог
Офтальмолог
Невропатолог
Кардиолог
Терапевт
Педиатр (с выездом)

Уролог
Хирург
Мануалист
УЗИ всех органов
ЭКГ
Дневной стационар
Все виды анализов

г. Астана, ул. Жубанова, 24
тел.: 8(7172) 93 99 15
моб.: 8 702 845 99 05
e-mail: medical@belon.kz,
Сайт: www.belon.kz
ЧАСЫ ПРИЕМА:
Каждый день с 08:00-20:00 ч.
ПО ПРЕДВАРИТЕЛЬНОЙ ЗАПИСИ

Belon life
- фитнес • hotel -

Хочешь быть стройной и привлекательной?
Хочешь быть подтянутым и сильным?
Новый фитнес-клуб «Belon Life» поможет в этом.



Инвестируйте в свое здоровье! Это самые надежные инвестиции!
Тренажеры на все группы мышц, два бассейна с джакузи и гидромассажем, четыре вида саун, десятки групповых самых современных программ - все это по очень доступным ценам! Первым записавшимся - скидки!

Астана, пр-т Абылай-хана, 24/1, тел: +7 (7172) 56 20 20
e-mail: life@belon.kz, www.belon.kz

«Caspian NEWS» ЖШС
Атырау қаласы,
Әуезов 23Д даңғылы
тел: 8 7122 51 40 84



ТОО «Caspian NEWS»
г. Атырау,
проспект Әуезова 23Д
тел: 8 7122 51 40 84

№ 308 03» 08 2026 ж

Эфирная справка

Настоящей справкой подтверждается, что 03 августа 2026 г. в эфире телеканала «Caspian NEWS» была размещена бегущая строка на тему:

Хабарландыру

«Ембімұнайгаз» АҚ-ы 07.09.2026 сағат 10:00 де Атырау облысы, Жылыой ауданы, Қосшағыл ауылы, «Қосшағыл» мәдениет үйі мекенжайында "С.Нұржанов және С.Нұржанов солтүстік-батыс қанаты кен орындарында ұңғымаларды қазуға арналған техникалық жобаларға" арналған "Қоршаған ортаны қорғау бөлімдері" бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізілетінін хабарлайды.

ZOOM платформасында онлайн режимінде қосылу сілтемесі:

<https://zoom.us/j/7555913367?pwd=INdu1i0zz5abDkFIVJitYSQ2pwNo5N.1&omn=97645534840>

Конференцияның Идентификаторы: 755 591 3367, Қолжетімділік коды: 593597.

Тапсырыс беруші - «Ембімұнайгаз» АҚ, 060002, Атырау қ., Уалиханов көшесі 1-ші үй., БСН 120240021112, тел: 8 (7122) 2993404.

Жобаны әзірлеуші – «ҚМГ Инжиниринг» ЖШС Атырау филиалы, 060097, Атырау қ., Нұрсая ықшам ауданы, Елорда даңғылы, 10., БСН 180541015056.

Құжаттамалар <https://ndbecology.gov.kz/> ҰДБ сайтында орналастырылған.

Қоғамдық тыңдауда қарастырылатын құжаттар бойынша ескертулер мен ұсыныстар жазбаша және электронды түрде мына мекенжайлар бойынша қабылданады: «Атырау облысының табиғи ресурстар және реттеу басқармасы» ММ, пошталық мекен жайы: 060010, Атырау қаласы, Айтеке би көшесі 77, тел: 8 (7122) 325509, электрондық мекенжай atr.priroda@atyrau.gov.kz, <https://www.gov.kz/memleket/entities/atyrau-tabigat/?lang=ru>, <https://ndbecology.gov.kz/>.

Құжаттар бойынша қосымша ақпаратты мына мекенжай бойынша алуға болады: m.abir@kmge.kz, тел.: 87016017687.

Қаралатын ұңғымалардың географиялық орналасу координаттары: 1) солтүстік ендік 45.52'39,7699", шығыс бойлық 53.14'48,3137". 2) солтүстік ендік 45.53'19,4776", шығыс бойлық 53.14'35,1861".

Әсер ету аумағы: Атырау облысы, Жылыой ауданы, Қосшағыл ауылы.

Объявление

АО «Эмбаунайгаз» сообщает, что 07.09.2026г. в 10:00 ч. по адресу: Атырауская область, Жылыойский район, село Косчагил, в Доме культуры «Қосшағыл» проводятся общественные слушания по Разделам охраны окружающей среды к техническим проектам на строительство скважин на месторождениях С.Нуржанов и Северо-западное крыло С.Нуржанов.

Подключение в режиме онлайн на платформе ZOOM возможно по ссылке:

<https://zoom.us/j/7555913367?pwd=INdu1i0zz5abDkFIVJitYSQ2pwNo5N.1&omn=97645534840>

Идентификатор конференции: 755 591 3367, Код доступа: 593597.

Инициатор – АО «Эмбаунайгаз», 060002, г.Атырау, ул. Валиханова, д.1., БИН 120240021112, тел: 8 (7122) 2993404.

Разработчик проекта – АФ ТОО «КМГ Инжиниринг», 060097, г.Атырау, мкр Нурсая, пр. Елорда, 10., БИН 180541015056.

Документация по заявочному пакету размещена на сайте НДБ <https://ndbecology.gov.kz/>.

Замечания и предложения принимаются в письменной или электронной форме по документам, выносимым на общественные слушания по адресу: ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования Атырауской области», почтовый адрес: 060010, г.Атырау, ул. Айтеке би, 77, тел: 8 (7122) 325509, электронный адрес: atr.priroda@atyrau.gov.kz, <https://www.gov.kz/memleket/entities/atyrau-tabigat?lang=ru>, <https://ndbecology.gov.kz/>.

Дополнительную информацию по проектам можно получить по адресу: m.abir@kmg.kz, тел.: 87016017687.

Географические координаты скважин: 1) северная широта 45.52'39,7699", восточная долгота 53.14'48,3137". 2) северная широта 45.53'19,4776", восточная долгота 53.14'35,1861".

Территория воздействия: Атырауская область, Жылыойский район, село Косчагил.

Директор



Кертаев К.М.

Ашық жиналыстар арқылы қоғамдық тыңдаулар өткізу регламенті

Тақырыбы:		"С.Нұржанов және С.Нұржанов солтүстік-батыс қанаты кен орындарында ұңғымаларды қазуға арналған техникалық жобаларға" арналған "Қоршаған ортаны қорғау бөлімдері"	Күні	07.09.2026ж
Өтетін орны		Атырау облысы, Жылыой ауданы, Қосшағыл ауылы, «Қосшағыл» мәдениет үйі	Басталуы:	10:00
			Аяқталуы:	11:00
	Уақыты	Бағдарлама жоспары	Жауапты тұлғалар	
	09:30-10:00	Қатысушылар тізімі		
1.	10:00-10:05	Қоғамдық тыңдау ашу сөзі	Қоғамдық тыңдаудың төрағасы	
2.	10:05-10:10	Қоғамдық тыңдаудың бағдарламасын бекіту және хатшысын сайлау	Қоғамдық тыңдаудың төрағасы	
3.	10:10-10:30	"С.Нұржанов және С.Нұржанов солтүстік-батыс қанаты кен орындарында ұңғымаларды қазуға арналған техникалық жобаларға" арналған "Қоршаған ортаны қорғау бөлімдері" бойынша баяндама	КМГ «Инжиниринг» ЖШС өкілі - Асланқызы Гулдана	
4.	10:30-10:50	Сұрақ – жауап	Барлық қатысушылар	
5.	10:50-11:00	Талқылау қорытындысы/ Қоғамдық тыңдауды жабу	Қоғамдық тыңдаудың төрағасы	



«Ембімұнайгаз» АҚ
«ҚМГ Инжиниринг» ЖШС-нің Атырау филиалы

"С.Нұржанов және С.Нұржанов солтүстік-батыс қанаты кен орындарында ұңғымаларды қазуға арналған техникалық жобаларға" арналған "Қоршаған ортаны қорғау бөлімдері" бойынша

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУ

Атырау облысы, Жылыой ауданы, 2026ж.



Қоғамдық тыңдау бағдарламасы

Тақырыбы:		"С.Нұржанов және С.Нұржанов солтүстік-батыс қанаты кен орындарында ұңғымаларды қазуға арналған техникалық жобаларға" арналған "Қоршаған ортаны қорғау бөлімдері"	
Өтетін орны		Атырау облысы, Жылыой ауданы, Қоспағыл ауылы, «Қоспағыл» мәдениет үйі	Күні
№		Бағдарлама жоспары	07.09.2026ж
Уақыты		Қатысушылар тізімі	Басталуы: 10:00
			Аяқталуы: 11:00
			Жауапты тұлғалар
1.	09:30-10:00	Қоғамдық тыңдау ашу сөзі	Қоғамдық тыңдаудың төрағасы
2.	10:00-10:05	Қоғамдық тыңдаудың бағдарламасын бекіту және хатшысын сайлау	Қоғамдық тыңдаудың төрағасы
3.	10:05-10:10	"С.Нұржанов және С.Нұржанов солтүстік-батыс қанаты кен орындарында ұңғымаларды қазуға арналған техникалық жобаларға" арналған "Қоршаған ортаны қорғау бөлімдері" бойынша баяндама	КМГ «Инжиниринг» ЖШС өкілі - Асланқызы Гүлдана
4.	10:10-10:30	Сұрақ – жауап	Барлық қатысушылар
5.	10:30-10:50	Талқылау қорытындысы/ Қоғамдық тыңдауды жабу	Қоғамдық тыңдаудың төрағасы

Мақсаты – «Ембімұнайгаз АҚ-ның «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ С.Нұржанов және С.Нұржанов солтүстік-батыс канаты кен орындарында ұңғымаларды қазу жұмыстарына экологиялық рұқсат алу.

Құрылыс кезінде экологиялық рұқсат алу үшін тапсырылған құжат тізімі:

1. Рұқсат етілетін шығарынды норматив эмиссиясы («Қоршаған ортаны қорғау» бөлімдері);
2. Қоршаған ортаны қорғау шараларының жоспары;

Жобалар саны – барлығы 2 жоба:

- С.Нұржанов кен орнында №367 ұңғымасын көлденең бүйірлік окпанды кесу жобасы;
- С.Нұржанов солтүстік-батыс канаты кен орнында НСВ-14 ұңғымасын қазу жобасы.



С. Нұржанов кен орны әкімшілік жағынан Атырау облысы, Жылыой ауданында, Атырау қаласынан оңтүстік-оңтүстік-шығысқа қарай 170 км жерде орналасқан және Каспий теңізінің солтүстік-шығыс жағалауында орналасқан (С.Нұржанов кен орнынан Каспий теңізіне дейін 16,3 км). Жақын маңдағы Құлсары қаласы 136 км, Қосшағыл ауылы 117 км орналасқан.

Ұңғыма нөмірі	№367	№НСВ-14
Тереңдігі, тігінен/окпан бойынша	3129/3675м	3358,47/ 4641м
Бұрғылау қондырғысы	ZJ-40	SL-2500
Жалпы ұзақтығы	70,47	172,3
Соның ішінде:		
алаңды дайындау	7,0	15,0
құрылыс-монтаж жұмыстары	5,0	8,0
бұрғылауға дайындық жұмыстары	2,0	3,0
бұрғылау және бекіту	37,12	108,5
бұрғылау қондырғысын бөлшектеу	4,0	2,0
сынау үшін көтергішті орнату	2,0	7,0
сынау	13,35	28,8
Ластаушы көздер саны	36	34

Бағанның атауы	Диаметр, мм	Түсу аралығы*, м			
		тігінен		окпан	
		бастап (жоғарғы)	дейін (төменгі)	бастап (жоғарғы)	дейін (төменгі)
1	2	3	4	5	6
№367					
Пайдалану бітігі	114,3мм	2790	3129	2790	3675
№НСВ-14					
Бағыт	426 мм	0	100	0	100
Өткізгіш	323,9 мм	0	1500	0	1500
Техникалық	244,5 мм	0	2912,17	0	2930
Пайдалану бағанасы	177,8 мм	2814,35	3358,47	2830	3641
Пайдалану бітігі	114,3 мм	3349,70	3358,47	3541	4641

Ластаушы көздер тізімі:

- Бұрғылау қондырғысы;
- Цементтеу қондырғысы;
- Жанармай сыйымдылықтары;
- Бу қазандығы;
- Дизельге арналған қазандықтар;
- Дизельдік электр станциясы;
- Дәнекерлеу посты;
- Газ кескіш посты
- Цемент қоймасы
- Цемент ерітінділерін дайындау блогы
- Бұрғылау ерітіндісін дайындау блогы
- Игеру ұңғымасы
- Мұнай сепараторы
- Мұнай айдауға арналған сорғы қондырғысы
- Мұнай цистерналары

Ластаушы заттар тізімі:

ЛЗ коды	Заттың атауы	№367		№НСВ-14	
		г/с	т/жыл	г/с	т/жыл
0123	Темір (II, III) оксиді	0,0826	0,01514	0,0755	0,02174
0143	Марганец және қосылыстары	0,0024	0,00039	0,00166	0,00042
0301	Азот тотықтары	3,4359	12,1084	2,48546666666	38,5997
0304	Азот оксиді (NO)	4,1169	15,4888	2,88672066666	48,92144
0328	Көміртек	0,5725	1,9972	0,37689944444	6,3357
0330	Күкіртті ангидрид (SO ₂)	1,2892	4,3337	1,09643850488	14,534700441
0333	Күкіртсутек	0,0003	0,00004	0,00021406	0,0000948
0337	Көміртек тотығы (CO)	2,7923	10,7802	2,36387222222	36,047
0415	C1-C5 шекті көмірсутектер	0,5766	0,3076	0,51433305	0,885592116
1301	Проп-2-ен-1-аль	0,1264	0,4756	0,08824666666	1,49988
1325	Формальдегид	0,1211	0,4756	0,08824666666	1,49988
2735	Минералды май	0,0007	0,0002	0,0007	0,0002
2754	Алкандар C12-19	1,3759	4,7702	0,95851066666	15,03253
2907	бейорганикалық шаң: 70%-тен астам	0,3273	0,0472	0,30843	0,071065
2908	бейорганикалық шаң: 70-20%	0,0073	0,0036	0,0085853	0,0183156
2930	Абразивті шаң	0,027	0,0054	0,027	0,0086
Барлығы:		14,8547	50,8095	11,2808	163,4768

Қалдықтың атауы	Мөлшері, т	
	№367	№НСВ-14
Қауіптілер (бұрғылау шламы, пайдаланылған бұрғылау ерітіндісі, майланған шүберектер мен пайдаланылған майлар)	352,00	1861,85
Қауіпті емес (дәнекерлеу электродтарының оттықтары, тамақ қалдықтары және т. б.)	3,41	11,11
Барлығы:	355,41	1872,96

Су тұтыну мен ақаба су көлемі:

Тұрмыстық қажеттілікке - 634,23/2067,3 м3
Техникалық су көлемі – 22,63/42,2 м3/күн



Қоршаған ортаны қорғау бөлімдерінде қамтылған іс-шаралар

- ✓ |Технологиялық шешімдерді қатаң бақылау;
- ✓ Герметизацияны қатаң бақылау;
- ✓ Тоқсан сайын бақылау жұмыстарын жүргізу;
- ✓ Жұмыс барысында қолданылатын арнайы техникаларды белгілі бір жолмен жүргізу;
- ✓ Құрылыс жұмыстары кезінде шаң басу мақсатында сумен бүрку жұмыстарын жүргізу;
- ✓ Жұмыс жасау кезінде пайда болатын қоқыстарды мезгілінде тазарту. Залалсыздандырылмайтын қалдықтарды арнайы контейнерлерде сақтап, келісім шарт бойынша тапсыру;
- ✓ Қоршаған ортаның ластануын болдырмау мақсатында химиялық реагенттерді (пайдаланған жағдайда) су көздерінен алшақ сақтау;
- ✓ Жанар-жағармайдың төгілуін болдырмау, қауіпсіздік шараларын қатаң сақтау, мұқият тексеру;
- ✓ Пайда болған қалдықтарды тасымалдау кезінде технологиялық тәртіптерді қадағалау;
- ✓ Мердігер мекемелер жұмыстарын қатаң қадағалау.



Назарларыңызға рахмет!